"Жылыой ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы,
Жылкышы Изтурганов көш, 7 үй

Шағым иесі: Муғалиденов Наурызбек Санатұлы
Атырау облысы, Атырау қаласы, с. Дамбы, Наурыз 14,

Тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу жөнінде қорытынды туралы

17245200-ЗЖ1 хаттамаға

ШАҒЫМ

ҚР Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі-Қағида) 487-тармағы, 1-тармақшасында: Тұрғын үйді мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім келесі жағдайларда қабылданбауға жатады: 1) хабарландыруда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі (тұрғын үйдің талап етілетін сипаттамаларға сәйкес келмеуі, **жеке меншік құқығын растайтын құжаттардың болмауы.**

Қағиданың 481-тармағы, 2-тармақшасында тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың, оның ішінде техникалық паспорттың электрондық көшірмелерінің мідетті түрде жүктелуі көзделген.

Алайда Урбеков Шошы Макзакович тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың, оның ішінде техникалық паспорттың электрондық көшірмелерін жүктемеген және техникалық сипаттамада ешқандай ұсынылып отырған тұрғын үй туралы деректер мен ақпаратты көрсетпеген.

Бұл заңдылықтардың бұзылуына қарамастан Урбеков Шошы Макзаковичтің өтінімін мемлекеттік сатып алуға жібергенсіздер.

Сондақтан Мен тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу жөнінде қорытынды туралы **17245200-ЗЖ1** санды хаттамамен келіспеймін, және Урбеков Шошы Макзаковичтің өтінімін мемлекеттік сатып алуға жіберуге еш негіз жоқ деп есептеймін.

Осындай қағидада көрсетілген талаптардың орындалмауына байланысты СҰРАЙМЫН:

1. Тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу жөнінде қорытынды туралы **17245200-ЗЖ1** санды хаттаманың күшін жойып, өтінімддерді кері қарап, Урбеков Шошы Макзаковичтің өтінімін Қағиданың 481-тармағы, 2-тармақшасында тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың, оның ішінде техникалық паспорттың электрондық көшірмелерінің жүктелмеуіне және техникалық сипаттамада ешқандай ұсынылып отырған тұрғын үй туралы ақпараттың жоқтығын ескеріп, мемлекеттік сатып алуға жібермеуді.

ШАҒЫМ ИЕСІ 10.07.2026 жыл